

ОӘЖ 130.2:141.319.8(574)(045)

Муханбеткалиев Есбол Есенбайұлы

философия ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

e-mail: yesbol@mail.ru

Аринов Ерлан Кенжебаевич

магистр, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

e-mail: erlan.arinov@mail.ru

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада Абайдың қара сөздеріндегі және өлеңдеріндегі адам болмысы туралы ой-толғамдары арқылы ойшылдың дүниетанымына философиялық талдау жасалады. Авторлар елімізде іске асып жатқан қоғамдық сананы рухани жаңғыртудың басты ұстанымы – қазақ ойшылдарының дүниетанымына жаңаша баға беруге, ойшылдар арқылы ұлттық код ізденістеріне талпыныс жасайды. Сол мақсатта бұл зерттеуде Абай даналығындағы «Адам – Әлем» ара қатынасы кеңінен әрі жан-жақты талқыланады. Абай үшін негізгі мәселе – адам мәселесі, ол және де кең ұғымда алынған: адамның көңіл-күйі, мінез-құлқы, түсінігі, пейілі, ойы, көзқарасы. Сонымен қатар, мақалада Абай дүниетанымындағы айрықша орны бар «еңбек» ұғымының адам өміріндегі маңызы мен «Адам бол!» қағидасы жан-жақты талқыланды. Абайдың этикалық тұжырымдамаларындағы «еңбек» ұғымының мәні адамның рухани жетілуінің негізі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: даналық, дүниетаным, «Адам – Әлем» қатынасы, заман, адамгершілік, антропология, этика, еңбек, қоғам, мәдениет.

В статье проведен философский анализ воззрений Абая, на основе его слов назиданий и других произведений о бытие человека. В связи с тем, что в настоящее время большое внимание уделяется модернизации общественного сознания, авторы постарались дать современную оценку мировоззрению мыслителей, с помощью их воззрений показать национальный код. Для этой цели в этом исследовании соотношение «Человек-Мир» показано отчетливо и широкомасштабно. Для Абая главная проблема – проблема человека, здесь он понимается в широком смысле: его настроение, поведение, понятие, мысли, воззрения. Наряду с этим, авторы проанализировали, что в мировоззрении Абая отдельное место занимает понятие «труд», его значение в жизни человека и принцип «Будь человеком». В этическом учении Абая понятие «труд» как основа духовного развития человека

Ключевые слова: мудрость, мировоззрение, соотношение «Человек – Мир», эпоха, нравственность, антропология, этика, труд, общество, культура.

The article presents a philosophical analysis of Abay's views on the basis of his words of edification and other works about human existence. Due to the fact that currently much attention is paid to the modernization of public consciousness, the authors tried to give a modern assessment of the worldview of thinkers, using their views to show the national code. For this purpose, in this study, the ratio of "man - world" is clearly shown and large-scale. For Abay, the main problem is the human problem, here it is understood in a broad sense: his mood, behavior, concept, thoughts, views. Along with this, the authors analyzed that the concept of "work", its importance in human life and the principle of "Be human" occupy a special place in Abay's worldview. In the ethical teaching of Abay, the concept of "work" as the basis of human spiritual development.

Key words: wisdom, worldview, "Man-World" ratio, era, morality, anthropology, ethics, work, society, culture.

Қазіргі кезеңдегі қазақ мәдениеті ренессанстық сипатта. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан басталған қазақ мәдениетінің, төл санасының қайта жаңғыруы, әсіресе, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жариялануымен қарқын алды және өзгеше, жаңаша мәнге ие болды. Елбасының мақаласындағы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет.

Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», [1] – деген ойы еліміздегі жаңғыру үдерісінің мән-мазмұнын анықтап берді.

Жаңаша мәндегі жаңғырудың негізгі өзегі – ұлттық кодты сақтай білу. Ұлттық кодты анықтауда қазақ ойшылдарының дүниетанымын қайта бағамдау, қайта зерделеу маңызды екені белгілі. Қазақ ойшылдарының ішінен шоқтығы биік Абайдың дүниетанымындағы антропологиялық мәселелерді қайта зерделеу ұлттық кодымызды тануда өте өзекті деп санаймыз.

Абайдың философиясында Адам – Әлем, Адам – Дүние, Адам – Қоғам қатынастары тұтастай қамтылады. Бұл мәселені қарастыру

үшін Абайға дәстүрлі онтологияның да, гносеологияның да, яғни батыстағы дәстүрлі философияның да қажеті болмады. Адам – Әлем қатынасының мәнін ашу үшін Абайға ежелден келе жатқан халық даналығы, өмір тәжірибесі, «адамның кейбір кездеріне» үңілу, көшпенділерге, далалықтарға тән кеңдік және түсінік қажет болды және мұның бәрі Абайдың бір басынан табылып жатты.

Адам және Әлем қатынасы философияның басты нысаны саналады. Бұл арада «Әлем» ұғымын қазақ дүниетанымындағы дәстүрлі «Дүние» ұғымымен бара бар күйде қолданып отырмыз. Олай болса, Абай даналығындағы «Адам-Әлем» мәселесінің мән-жайына тереңірек үңіліп зерделейік.

Абайдың хакімдігіне әр кезеңде әр түрлі көзқарас болғаны белгілі. Абайдың атын бүкіл әлемге танытқан заңғар жазушы Мұхтар Әуезов ақынның әдебиеттегі және мәдениеттегі орнын Абай шығармаларындағы даналықпен, поэтикалық көркемдікпен, әлеуметтік сарынмен және қазақ тұрмысының олқы жақтарын қатал сынаумен қарастырады. Абай ойшылдығының осы қырына «Шын мәнінде алғанда Абай философ емес, оның арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ», [2] – деген ой айтқан М. Әуезов философияға тікелей қатысты қарамағанымен, Абайдың адамгершілік, ұждан, адам болмысы жайындағы сапалы, терең ойларын философияға қатысы барын да жоққа шығармайды.

Абай философиясына кеңестік кезеңдегі маркстік-лениндік тұрғыда қарасақ, Батыс философиясына сай ұғымдарды, бағыттарды, белгілерді, өлшемдерді көре алмаймыз. бұдан келіп Абай философ емес деуіміз жалған болары хақ. Абай философия бойынша іргелі еңбек жазбағанымен, оның қаламынан терең философиялық поэзиясынан басқа, философиялық толғаныстардан, төлтума философиялық идеялардан тұратын «Ғақлия» немесе «Қара сөздер» атты еңбек туды.

Қазақ философиясының тарихын зерттеуші, даналықтың табиғатына терең бойлаған ғалым Т. Х. Рысқалиевтің: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды», [3] – деген құнды ойы бар. Даналықты өмір сүру тәсілі ретінде түсінген Абайдың негізгі көтерген философиялық

мәселесі – адам проблемасы, ол және де кең ұғымда алынған: адамның көңіл-күйі, мінез-құлқы, түсінігі, пейілі, ойы, көзқарасы. Дәлірек айтсақ, философиялық мәселенің бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас этикалық, эстетикалық, әлеуметтік, гносеологиялық және басқа қырлары болғандықтан адам проблемалары жиынтығы тұрғысынан келеді.

Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі ойшылдың дүниетанымының өзегіне айналды. Абайдың адамға қойған талабы бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Ойшылдың «Адам болам десеңіз» деген ойың қалай түсінуге болады? Адам өмірге әзір күйде тумайды, адам болып қалыптасады, кемелденеді, жетіледі. Адам болу – екі түрлі ішінара үдеріс: біріншіден, өмір сүру ортасына, қоғамдық ортаның балаға, жасөспірімге болашақ адам ретінде қарап, оның қоғамға бейімделген жан-жақты адам болуына жағдай жасауы; екіншіден, адамның өзі мұрат тұтқан тұлғаға ұқсасағысы келген талпынысы, есі кірген жастың өзінің адам болуға ұмтылуы. Абайдың адамға қойған адамшылық белгілері де биік: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым. Адамға қойылған бұл талаптарды артық деп кім айта алады? Әсіресе, хакім «терең ойға», ойлануға ерекше мән береді. Мысалдар келтірейік:

Ғылым оқып, ой таппай,

Құр үйінде жатады...

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңінде) [4].

Терең ой, терең ғылым іздемейді...

(«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде) [4, 74].

Ынсап, ұят, терең ой,

Ойлаған жан жоқ, жауып қой...

(«Сегіз аяқ» деген өлеңінде) [4, 89].

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз...

(«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінде) [4, 94].

Жүйрік тіл, терең ой,

Сол күнде қайда едің?...

(«Қызарып, сұрланып» деген өлеңінде) [4, 129].

Терең ойдың телміріп, соңына ермей...

(«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңінде) [4, 161].

Малда да жан мен тән, ақыл, сезім болмаса,

Тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса?...

(«Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде) [5].

Қарап отырсақ, Абайдың өкпесі мен назы да, үміті мен сенімі де болашақтың, келер заманның, яғни біздің заманның өкілдеріне арналған. Ойшыл біздің замандастарға үміттеніп отырып, сенім арта отырып ойлануға, ой жетегіне еруге бағдар береді.

Абай дүниетанымында адам ұғымы абстрактылы, дерексіз, жалпыға бірдей қолданыла беретін түсінік емес. Хакім адамдардың әр түрлі категорияларын көрсетеді. Бірінші, ер адам мен ез адам:

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек...

(«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде) [4, 46].

Екінші, ақылды және ақылсыз, надан адам:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек

(«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде) [4, 46].

Үшінші, атқамінер адам:

Бас басына би болған өңкей қықым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?...

(«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде) [4, 49].

Төртінші, пысық, қу адам:

Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы...

(«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңінде) [4, 57].

Пысық деген ант шықты

Бір сөз үшін жау болып,

Бір күн үшін дос болып,

Жүз құбылған салт шықты .

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңінде) [4, 67].

Өз заманының әлеуметтік шындығында қалыптасқан жағымды және жағымсыз қасиеттерге ие адам баласын сипаттаған өлеңдерінен бөлек қара сөздерінде де надандықты, жағымпаздықты, ойсыз, уайымсыз есер-есіріктерді ащы тілімен түйреп өтеді. Мәселен, жиырма бірінші қара сөзінде кейбіреулердің өздерін «қу», «пысық» дегенді мақтан тұтатындарын сөгіп, ондайларды «наданның наданы» деп әшкерелейді.

Абайдың түсінігінде топ (нөл) бар, дара тұлғалар (единица) бар. Абай топты тобырға, көпке теңейді, олардың бір-бірінен айрықша қасиеттерінің жоқтығын айтып мінейді. Және

көптің заманның илеуінде жүргенін, көпте ақыл жоқтығын, өздігінен ештеңе тындырмайтынын айтады. Ойшылдың ойынша, көпті жөнге салу үшін, тіпті заманның келбетін айқындау үшін кемел адам керек. Абайша айтқанда:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек [5, 56].

Адамсыз заман болмағанымен, адамдардың заманға сүйрелмей, заманға күйлемей, заманға иленбей өмір сүруі қиын. Осы қиындықты кім түсінеді? Заманға билігін кім жүргізеді? Заманның ағысымен аққан көптің басын кім түзейді? Заманның ойын, сөзін кім білдіреді, арқалатқан жүгін кім көтереді? Заманды билейтін, адасқан көпті түзейтін, заманның ойын білдіруші – кеменгер тұлға. Заманында ізгілікті іс істеу не болмаса ұлағатты сөз қалдыру арқылы тарихта аттары мәңгі сақталған тұлғалар аз болмаған. Әр халықта мұндай тұлғалар кездеседі. Абай ойының тереңдігімен, қазаққа қана емес барша адамзатқа ортақ ғақлияларымен тарихта қалған тұлға ретінде бізге ебін тауып көпті жөнге салу қажеттігін, еңбек ету арқылы адамдық болмысты сақтау керектігін насихат етеді.

Еңбек – Абай дүниетанымындағы басты ұғымдардың бірі. Шынында да адамның өсіп-жетілуі үшін еңбектің маңызы зор. Адамға азып-тозбау үшін еңбектің қандай түрі болсын лайық. Абайдың еңбек туралы ойларының бір парасы төмендегідей:

Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық...

(«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» деген өлеңінде) [4, 53].

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас, еріншек адам болмас...

(«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» деген өлеңінде) [4, 159].

Сенбе жұртқа, тұрса да, қанша мақтап,
Әуре етеді ішінде қулық сақтап.

Өзіне сен, өзінді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап...

(«Сенбе жұртқа тұрса да, қаншама мақтап» деген өлеңінде) [5, 13].

Көріп отырғанымыздай Абай еңбекке онтологиялық, әлеуметтік, этикалық мән берді. Еңбекті Абай адамның рухани жетілуінің, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп есептеді. Және де ойшыл еңбектің адамның жанын түлететінін, ал еңбектен алыс жүретін талапсыз, жігерсіз, ұятсыз жалқаулар жаман әдеттерге

бейім болатынын байқайды. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», [5, 142] – дейді хакім Абай 38-қара сөзінде.

Адам мәселесі Абайдың барлық қара сөздері мен өлеңдерінде көтеріледі. Адамның жарық дүниеге келгеннен бастап өлгенге дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары, тіршілігі, бәрі-бәрі Абай шығармаларына арқау болған.

Сонымен, қазақ философиясының өзегіне айналған Абайды қазақ халқының рухының жаршысы деп сеніммен айта аламыз. Абайдың хакімдігі, ғақлиялары – рухани жаңғыруды мақсат тұтқан Қазақстан үшін жол көрсетер темірқазық. Біздің мақсат – сол темірқазықты болашақтағы бағдарымызға айналдыру, жаһандандудың сапырылысқан иірімдерінде Абайдың мұрасынан көз жазып қалмау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. URL: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. М. Әуезов. Мақалалар мен зерттеулер. [Электрондық ресурс] // «Қазақстанның ашық кітапханасы» онлайн жобасы. URL: https://kitap.kz/books/maqalalar_zertteuler_i/read
3. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихы: Оқулық. – Алматы: Экономика. – 2015. – 508 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2004. – 296 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2004. – 336 б.

Муханбетқалиев Есбол Есенбайұлы

Лауазымы: философия ғылымдарының кандидаты, философия кафедрасының меңгерушісі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Пошталық мекен-жайы: 010011, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62

Ұялы тел: +77016618478

Аринов Ерлан Кенжебаевич

Лауазымы: «Философия» мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі, философия кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Пошталық мекен-жайы: 010011, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62

Ұялы тел: +77027095289

Абай даналығындағы антропологиялық мәселелер

Муханбетқалиев Есбол Есенбайұлы

Должность: кандидат философских наук, заведующий кафедры философии, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана

Почтовый адрес: 010011, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Победы, 62

Сот. тел: +77016618478

Аринов Ерлан Кенжебаевич

Должность: магистр гуманитарных наук по специальности «Философия», старший преподаватель кафедры философии, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана

Почтовый адрес: 010011, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Победы, 62

Сот. тел: +77027095289

Антропологические проблемы в мудрости Абая

Mukhanbetkaliyev Yesbol Yesenbaiuly

Position: Candidate of Philosophy, Head of the Department of S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana

Mailing address: 010011, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis avenue, 62

Mob.ph: +77016618478

Arinov Yerlan Kenzhebaiyevich

Position: Master of Philosophy, Senior Lecturer, Department of Philosophy of S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana

Mailing address: 010011, Republic of Kazakhstan, Astana, Zhenis avenue, 62

Mob.ph: +77027095289

Anthropological issues of Abai's wisdom